



БҰЙРЫҚ

02 қоржық №66 мек
Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ *170 н/к*
город Караганда

**Балаларды зорлық-зомбылықтан,
қудалаудан (буллингтен),
кибербуллингтен қорғау жөніндегі
үйлестірушіні тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы №386 бұйрығына сәйкес, білім алушылардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, балаларды зорлық-зомбылықтан, қудалаудан (буллингтен), кибербуллингтен қорғау және олардың алдын алу жұмыстарын күшейту, ата-аналармен және мектеп мамандарымен тиімді өзара іс-қимылды ұйымдастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектептің әлеуметтік педагогы Н.С.Советова балаларды зорлық-зомбылықтан, буллингтен және кибербуллингтен қорғау жөніндегі үйлестіруші етіп тағайындалсын.

2. Үйлестірушіге келесі міндеттер жүктелсін:

2.1. Білім алушыларды зорлық-зомбылықтан, қудалаудан (буллингтен), кибербуллингтен және басқа да зиянды әсерлерден қорғауға бағытталған алдын алу іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу.

2.2. Мектептегі зорлық-зомбылық, буллинг, кибербуллинг жағдайлары туралы ақпаратты жинау және өңдеу, құпиялық қағидаларын міндетті түрде сақтау.

2.3. Білім алушылар мен олардың ата-аналарына (занды өкілдеріне) мектеп пен интернеттегі қауіпсіздік мәселелері бойынша кеңес беру.

2.4. Зорлық-зомбылық пен кибербуллинг фактілерін уақтылы анықтау және алдын алу мақсатында психологтармен, сынып жетекшілерімен және басқа да мектеп қызметкерлерімен іс-қимылды үйлестіру.

2.5. Білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында жергілікті полиция бөлімімен, балалардың құқықтарын қорғау қызметтерімен және басқа да ұйымдармен өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету.

3. Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

Директор

Н.М. Мисюрина

001919